

Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі Сарыжар ауылының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Сарыжар ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 4 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 4 мамырда № 8286 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Ақтөбе облысы әкімдігі жанындағы облыстық ономастикалық комиссиясының 2021 жылғы 26 наурыздағы № 1 қорытындысы негізінде, Сарыжар ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарыжар ауылдық округі Сарыжар ауылының келесідей көшелері қайта аталсын:
 - "Степная" көшесі "Тұрар Рысқұлов" көшесіне;
 - "Тренин" көшесі "Дінмұхамед Қонаев" көшесіне;
 - "Комсомол" көшесі "Жұмабек Тәшенев" көшесіне;
 - "Теміржол" көшесі "Талғат Бигелдинов" көшесіне;
 - "Ойын алаңы" көшесі "Мұстафа Шоқай" көшесіне;
 - "Северная" көшесі "Махамбет Өтемісұлы" көшесіне.
2. "Мәртөк ауданының Сарыжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
 - 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарыжар ауылдық округінің әкімі

С. Жолмағанбетова